



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ү К І М

2022 жылғы 29 қыркүйек № 4358-22-00-1/222 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда қаласының №2 соты, құрамында:

төрағалық етуші судья А.З.Зейнулла,

сот отырысының хатшысы Д.Б.Жұбатқанованың отыруында,

мемлекеттік айыптаушы - прокурор Г.С.Файзуллаеваның, Б.Ж.Жұмаштың,

қорғаушы-адвокаттар Ж.К.Сундеткалиеваның, Н.С.Дауренбекованың,

сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың қатысуларымен, ашық,

басты сот талқылауында, қылмыстық істі жалпы тәртіппен «Zoom»

мобильдік бейне-конференц байланысымен қашықтықтан және аудио-бейнежазба құралын пайдаланып қарады, ол бойынша:

Ельшибаев Ержан Исламович - 1988 жылы 06 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысында туған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі орта, отбасылы, бұрын сотты болған. Маңғыстау облысының Қаракия аудандық сотының 21.09.2010 жылғы үкімімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) (1997 жылғы редакция) 103-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 8 (сегіз) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Маңғыстау облысының Жаңаөзен қалалық сотының 17.10.2019 жылғы үкімімен ҚК-нің 106-бабының 2-бөлігінің 7) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстың қайталануы танылған, айыптау актісінің көшірмесін алған.

Ескараев Куттымурат Есенжолович - 1983 жылы 26 наурызда Қызылорда облысында туған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі орта, бойдақ, бұрын сотты болған. Қызылорда облыстық сотының 05.11.2007 жылғы үкімімен ҚК-нің (1997 жылғы редакция) 96-бабының 2-бөлігінің «д,к,н» тармақтарымен кінәлі деп танылып, 18 (он сегіз) жылға бас бостандығынан айыруға, 120-бабының 3-бөлігінің «б» тармағымен кінәлі деп танылып, 10 (он) жылға бас бостандығынан айыруға, 121-бабының 3-бөлігінің «б» тармағымен кінәлі деп танылып, 10 (он) жылға бас бостандығынан айыруға, 175-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігі қолданылып, жазаларды қылмыстардың жиынтығы бойынша ішінара қосу жолымен түпкілікті мүлкі тәркіленіп, 25 (жиырма

бес) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, айыптау актісінің көшірмесін алған.

ҚК-нің 428-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағандары үшін айыппен сотқа берілді.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев бұрынғы соттылықтарынан тиісті нәтиже шығармай, түзелу жолына түспей ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігінің 1) тармағында көрсетілген қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында қылмыстар жасаған.

Сотталушылар қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме әкімшілігінде жазасын өтеп жүріп, аталған қылмыстық-атқару мекемесінің заң талаптарына қасақана қаскөйлікпен бағынбай, сотталушы Е.И.Ельшибаев 2021 жылдың маусым айының 28 күні қылмыстық-атқару мекемесінде жазасын өтеп жүріп, камерасын қарау кезінде жеке сөмкесінің ішінде мекемеде пайдалануға тыйым салынған кесу-шаншу құралы, яғни 1 (бір) дана кеңсе пышағы мен 2 (екі) дана қолдан жасалған біз табылып, сол жерде сотталған өзінің келіспейтіндігін мәлімдеп, яғни заң талаптарына бағынбай мекеме қызметкерлеріне дөрекілік танытып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - ҚАК) 97-бабының 5,6-бөліктерінің және 130-бабының 2-бөлігінің 3) тармағында (мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген талаптарды орындамау жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзу болып табылады, оның ішінде мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін беру (алу), жасау, сақтау) көрсетілген талаптарын өрескел бұзып, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №60 мекеме (бұдан әрі - Мекеме) бастығының қаулысы негізінде «қаскөйлікпен тәртіп бұзушы» ретінде танылып, үш тәулікке қамауға алынған. Сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме әкімшілігінің заңды талаптарынан өздеріне қандай да бір қасақана зиян келтірумен ұштасқан топтасып бағынбауды ұйымдастыру бойынша қылмыстық келісімге келіп және қол жеткізу мақсатында 2022 жылдың наурыз айының 03 күні екеуі мекеме бастығының міндетін атқарушы Б.А.Наурызбаевтың жеке қабылдауында соңғымен сөйлесіп, сотталушылар мекеме бастығының міндетін атқарушы Б.А.Наурызбаевқа мекемеге тыйым салынған есірткі заттарын кіргізуге, камерада емін-еркін жүруге, қаскөйлікпен танылған сотталушыларды ұстайтын арнайы камералардың есіктері ашық тұруын, сотталушыларға қараушысы ретінде жазасын өтеп жүрген К.Е.Ескараевты тағайындауға және қылмыстық-атқару мекемесінің ішкі тәртібіне қайшы келетін осы тектес бірнеше талаптарын қойып, осы талаптар орындалмаған жағдайда мүлдем тәртіпке бағынбай, өздерінің



денсаулықтарына қол жұмсап, жалған арыз ұйымдастырып, әлеуметтік желілер арқылы жариялайтындығын, жазасын өтеушілердің арасынан топтасып бағынбауды ұйымдастыратындарын алға тартқан. Мекеме бастығының міндетін атқарушы Б.А.Наурызбаев сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың қойған талаптарына келіспейтіндігін айтып, барлығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №819 бұйрығының (бұдан әрі - Бұйрық) және ҚАК-нің талаптары бойынша ішкі тәртіп жүзеге асырылатындығын айтқаннан кейін сотталушылар өзара келісіп, өздеріне қасақана зиян келтірумен ұштасқан топтасып бағынбауды ұйымдастырып, жазалардың орындалу тәртібіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жүзеге асыру мақсатында Е.И.Ельшибаев өзінің қатаң ұстау үй жайының №1 қапасында тергеумен анықталмаған жағдайда иемденген электрот сымын кіндік тұсына тығып, өзіне қол жұмсап жарақаттап, «ішкі тұсының тесілген жарақаты» нақтамасымен Қызылорда қалалық ауруханасының арнайы палатасына жатқызылған. Өз кезегінде сотталушы К.Е.Ескараев 2022 жылдың наурыз айының 07 күні сыбайласы Е.И.Ельшибаевтың қылмыстық әрекетін қуаттап, өзіне зиян келтірумен ұштасқан жазасын өтеушілер арасында топтасып бағынбауды ұйымдастыру мақсатында жазасын өтеп жатқан бөлмесінде тергеумен анықталмаған кесіп-тесетін қабілеті бар затты заңсыз иемденіп, аталған затпен кіндік тұсын жарақаттап, өзіне қол жұмсаған. Мұнымен қоймай сотталушы К.Е.Ескараев 2022 жылдың наурыз айының 18 күні бөлмесінде қайта өзіне қол жұмсаумен ұштасқан топтасып бағынбауды жүзеге асыру мақсатында сол тәсілмен тергеумен анықталмаған кесіп-тесетін қабілеті бар затты заңсыз иемденіп, аталған затпен сол қолының білек тұсын бірнеше мәрте жарақаттап, өзіне қол жұмсап «сол қолының білек тұсының бірнеше жарақаты» нақтамасымен Қызылорда қалалық ауруханасына жеткізілген. Сөйтіп, Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме әкімшілігінің заңды талаптарына өздеріне қандай да бір қасақана зиян келтірумен ұштасқан топтасып бағынбауды ұйымдастырып, ҚК-нің 428-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Басты сот талқылауында сотталушы Е.И.Ельшибаев өзіне тағылған айыппен мүлдем келіспейтінін, өзінің бұл қылмысқа ешқандай қатысы жоқ екенін, өзінің жазықсыз екенін, мекеме қызметкерлерінің тарапынан заңсыз әрекеттерінің салдарынан үнемі қорлап, оның ішінде қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсітіп, қысым көрсетілгендіктен өзінің жан айқайын құзырлы органдардың назарына жеткізу мақсатында өзіне-өзі дене жарақатын салғанын көрсетіп, әділ шешім қабылдауды сұрады (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 16:58-17:36).



Басты сот талқылауында сотталушы К.Е.Ескараев істеген іс әрекетін толық мойындайтынын, мекеме қызметкерлерінің сотта берген жауаптарын жоққа шығармайтынын, дегенмен мекеме қызметкерлерінің тарапынан үнемі заңсыз әрекеттер орын алатынын, аталған қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің ішінде психологиялық ахуал дұрыс еместігін, қысым көрсетіле бергесін өзіне-өзі дене жарақатын салғанын, расында тәртіптің болғанын талап еткенін, бірақ сотталушыларға қараушысы ретінде тағайындауды сұрамағанын көрсетіп, әділ жаза тағайындауды сұрады (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 17:59-18:30).

Басты сот талқылауында куә Д.Н.Әбдіраман жазасын өтеушілер Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев және т.б. сотталғандар мекеменің жедел бөлімінің ақпаратына сәйкес жазаларын өтеушілер өзара топтасып, мекемеге жалған наразылықтарын басшылыққа ала отырып, өз-өздеріне қол жұмсау арқылы ішкі тәртіпке бағынбай, мекеме ішінде бейнекамера құрылғылар арқылы бейнежазба жазып, түзеу мекемесіне қатысты және қызметкерлердің тарапынан орын алмаған заң бұзушылықтарды жалған жариялап, Бұйрық пен ҚАК-нің талаптарды өрескел бұзу арқылы заңсыз бағынбағанын көрсетті (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 10:40-11:11).

Басты сот талқылауында куә С.А.Мақсұтов 2022 жылдың наурыз айынан бастап жазасын өтеушілер Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев және т.б. сотталғандар мекеме бастығының режим және жедел жұмыстары жөніндегі орынбасары Е.Б.Махановтың тағайындалған лауазымына келгеніне қарсы болып, оның мекеме ішіндегі күн тәртібін заңнамаға сәйкес қатаң түрде ұстанатынын біліп, ұйымдасқан түрде кезек-кезек өздеріне мекеме қызметкерлерінің жұмыс жасауларына кедергі ретінде және ішкі күн тәртібін, яғни мекеме ішіндегі заңмен белгіленген режимді әлсірету үшін және соңғының атына жала жабу мақсатында өз-өздеріне қол жұмсай бастады және мекеме ішінде тыйым салынған заттарды пайдаланып жүргендері анықталып, нәтижесімен олар «қаскөйлікпен тәртіп бұзушы» деп танылғанын, сондай-ақ жазасын өтеушілер Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев мекеме ішіндегі режимді және тәртіптің сақталуына өздерінің іс-әрекеттерімен кедергі келтіріп, түзеу мекемесінің қалыпты режимін әлсірету әрекеттерді жасағандарын көрсетті (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 11:12-11:40).

Басты сот талқылауында куә А.К.Туребеков лауазымы мекеме бастығының кезекші көмекшісі екенін, тек кезекшілік барысында тәртіптің сақталуына ғана жауап беретінін, жазасын өтеушілер Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың тарапынан жеке өзінің кезекшілік уақытында тәртіп бұзушылықтарын байқамағанын, дегенмен аталған жазаларын өтеушілер өзара топтасып, өз-өздеріне қол жұмсау арқылы ішкі тәртіпке бағынбай,



наразылықтар білдіріп жатқанын мекеме ішінде естігенін көрсетті (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 10:10-10:49).

Басты сот талқылауында куә Е.Б.Маханов 2022 жылдың ақпан айынан бастап, мекеме бастығының режим және жедел жұмыстары жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы болып тағайындалып, өзіне жүктелген функционалдық міндетіне кіретін жұмыстарды, яғни Бұйрықпен бекітілген мекеме ішіндегі сотталғандардың қатаң ұстау орындарының есіктері заңнамаға сәйкес болмай ашық тұрғандықтан, оларды тәртіпке сәйкес жабылуын қамтамасыз етіп, заңға сәйкес жабылатыны жөнінде жоспарлау барысында, мекеме ішіндегі жазасын өтеушілер Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев және т.б. сотталғандар аталған мекеме ішіндегі нақты сотталғандардың қатаң ұстау орындары Бұйрықта көзделген талаптар бойынша күн тәртібіне сәйкес қайта қаралатындығын естіп, заңнамаға сәйкес жұмысты талап ететінін біліп, ұйымдасқан түрде өздерінің наразылықтарын білдіргендерін, осы ретте 2022 жылдың наурыз айынан бастап мекеме ішінде Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев және т.б. сотталғандар оның тағайындалған лауазымына келгеніне қарсы болып, мекеме ішіндегі күн тәртібін заңнамаға сәйкес қатаң түрде ұстанатынын біліп, ұйымдасқан түрде кезек-кезек өздеріне мекеме қызметкерлерінің жұмыс жасауларына кедергі ретінде және ішкі күн тәртібін мекеме ішіндегі заңмен белгіленген режимді әлсірету үшін оның атына жала жабу мақсатында өз-өздеріне қол жұмсай бастағанын көрсетті (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 10:49-11:40).

Басты сот талқылауында куә Б.А.Наурызбаев жеке қабылдауында және мекеменің ішкі күн тәртібін жүргізу барысында күнделікті сағат 18:00-ден 22:00-ге дейін мекеме ішіндегі әртүрлі жазасын өтеуші сотталғандар жеке қабылдауына келіп, оның ішінде Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараев және т.б. сотталғандар өз-өздеріне дене жарақаттарын салумен және мекеме ішінде тыйым салынған заттарды пайдалану арқылы мекеме әкімшілігінің үстінен заңсыз арыз жазу арқылы, мекеменің сыртқы аумағынан есірткі заттарын заңсыз лақтыру арқылы және оларды әртүрлі тәсілдермен мекеме ішіне заңсыз кіргізіп, мекеменің Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің талаптарымен бекітіліп қойылған заңдарымен тыйым салынған әртүрлі талаптарын қойып, әсіресе мекеме ішінде жазаларын өтеу барысында қаскөйлікпен бұзған сотталғандарды ұстайтын арнайы орындарының есіктерін күнделікті ашық тұруын, камера ішіндегі және қапастағы бейнекамераларды алып тастауларын, жеңілдетілген сотталғандардың жазасын өтеу орындары, яғни №5А мен 5В үш қабатты жатақханаларда емін-еркін жүріп тұруларын жеке қабылдау барысында ашық түрде талап еткендерін, сондай-ақ мекеменің қатаңдатылған арнайы орындарында жататын болғандықтан өздеріне ыңғайлы, алайда мекеме заңнамасына қайшы талаптарды



орындату үшін жүйелі түрде ақылдасып жасалғанын, осы ретте мекеменің жедел бөліміне жазасын өтеушілер ұры идеялар (воровские идеи) сотталғандар араларындағы түсінікті қалыптастыруға әрекет жасап, мекеме ішіндегі сотталғандарға бір ауыздан қараушысы ретінде сотталған К.Е.Ескараевты қойып, оны барлық сотталғандар қолдайтындарын, мекеме ішіндегі әрбір сотталғандардың тәртібіне, заңсыз есірткі және ақша айналымына, мекемеге заңсыз ұялы телефондарды кіргізу, заңмен тыйым салынған әрекеттерді өздері бақылап отырғылары келетіні жөнінде мекеменің жедел бөлімінің қызметкерлерімен жедел мәліметтер анықталып, ол бойынша арнайы іс шаралар жүргізілгенін көрсетті (Аудио-, бейнежазба файлы: 4358-22-00-1_222_12082022123609, уақыт 15:38-16:58).

Бұл куәлердің басты сот талқылауында берген айғақтары істің нақтылы мән-жайына сәйкес келеді. Басқа дәлелдемелермен үйлесімді. Сондықтан, сот бұл куәлердің басты сот талқылауында берген айғақтарын дәлелдеме ретінде таниды.

Сот талқылауында сотталушының қорғаушысы Ж.К.Сундеткалиева сотталушы Е.И.Ельшибаевқа тағылған айыппен келіспейтіндігін, оған тағылған айып өз дәлелін таппағанын айтып, ақтау үкімін шығарып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізген тергеуші мен оған қатысқан қорғаушыға жеке қаулы қабылдауды сұрады, 28.04.2022 жылғы күдікті ретінде тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, 30.06.2022 жылғы айыпталушыларды сотқа беру туралы қаулыларды және сотталушы Е.И.Ельшибаевтың басты сот талқылауында куәлерден полиграф (детектор лжи) аппаратын алдыру арқылы жауаптауды, 16.03-14.04.2022 жылы аралығында жүргізілген АІШ-1 заңсыз деп тануды сұраған өтініштері негізсіз деп таниды, себебі күдікті ретінде тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, айыпталушыларды сотқа беру туралы қаулыларға тергеп-тексеру кезінде келіспеушілік білдіріліп, шағымданбаған, оларға күмән келтірілетіндей негіздер жеткіліксіз. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізген тергеуші мен оған қатысқан қорғаушының әрекеттерін заңсыз деп тану және жоғарыда көрсетілген қаулыларды дәлелдеме қатарынан алып тастау негізсіз деп сот санайды және куәлердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және басты сот талқылауында берген айғақтары істің нақтылы мән-жайына сәйкес келуіне байланысты сот бұл берген айғақтарын дәлелдеме ретінде таниды, сондай-ақ аталған тергеу әрекеттерін сот қылмыстық-процестік заңды бұза отырып алынған деген нақты деректер деп танымайды және оларды айыптау негізінде жатқызады. Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД-нің қызметкерлерімен түзеу мекемесіндегі сотталған Е.И.Ельшибаевтың сотталған К.Е.Ескараевты қолдап, мекеменің қалыпты ұстау режимін жою үшін түзелу жолына тұрмаған басқа да сотталғандарға өздерінің айтқандарын, яғни түрлі заңға қайшы әрекет жасатып, ұрылық идеологиясымен өмір сүруді қалайтын



сотталғандарды алдағы уақытта жаппай тәртіпсіздіктерді жасауға ұйымдастыруы мүмкін екендігі туралы мәлімет алып, оған қатысты 16.03.-14.04.2022 жылы аралығында Қызылорда облысы прокурорының санкциясы негізінде (АІШ-1) жүргізілген және оған қатысты жүргізілген жедел іздестіру шаралары заңды жүргізілген және сотталушы Е.И.Ельшибаевқа қатысты АЖШ, ҚАЖД-нің бастығының бекіткен және облыс прокурорымен санкциялаған қаулысы негізінде жүргізілген, сонымен қатар АЖШ негізінде алынған материалдар құпиясыздандырылып, тергеу органына жолданып, материалдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) талаптары негізінде қарап-тексеріліп, іске тіркелгендіктен сотталушы Е.И.Ельшибаевқа қатысты 16.03-14.04.2022 жылы аралығында жүргізілген арнайы жедел іздестіру шараларын заңсыз деп тануға негіз жоқ деп сот санайды.

Бұл ретте, істің мұндай тұрғысында сотталушының қылмыстық әрекеті басты сот талқылауында жан-жақты толық және объективті зерделенген дәлелдемелермен бекітіледі деп сот есептейді.

Сот сотталушы Е.И.Ельшибаевтың жасаған қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін мойындамағанымен, олардың кінәсі сотталушы К.Е.Ескараевтың ішінара мойындаған жауабымен қатар, олардың бұл қылмыстық іс-әрекеттері куәлердің жауаптарымен, қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің табылғаны жөніндегі баянатпен, сотталғандармен өзіне-өздері дене жарақаттарын салғандары туралы актімен, сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевқа қатысты жүргізілген АІШ-1 адамды немесе орынды жасырын аудио және бейнебақылау бейне, аудиотехниканы не өзге де арнайы ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бір мезгілде олардың мазмұнын материалдық жеткізгіште тіркеумен жүргізілетін, адамның сөйлеген сөзін және өзге де ақпаратты, сондай-ақ адамның іс-әрекетін және нақты бір жерде болып жатқан оқиғаларды қажет болған кезде жасырын ену және қарап-зерттеу арқылы жасырын бақылау қаулысымен, мәліметтерді құпиясыздандыру бойынша қорытындысымен, стенограммаларымен, қорғалуға құқығы бар куәлерден жауап алу, беттестіру хаттамаларымен, сот психологиялық-филологиялық зерттеу сараптама қорытындысымен және өзге де құжаттармен толық дәлелін табады деп санайды.

Сот сотталушылар Е.И.Ельшибаев өзіне тағылған айыппен келіспей, қылмыстық әрекетін мойындамауын өзіне тағылған айыптан қорғану және қылмыстық жауапкершілік пен жазадан жалтару тәсілі деп бағалайды.

Алайда, сотталушы К.Е.Ескараевтың басты сот талқылауында жасаған әрекетін мойындап берген жауаптары істің шынайы мән-жайымен сәйкес келеді.



Бұл ретте, мекеме қызметкерлерінің 03.03.2022 жылғы сотталушы Е.И.Ельшибаевтың мекеме қызметкерлерінің заңды іс-әрекеттеріне наразылық білдіріп, ішінің кіндік тұсының сол жағына сым тәріздес затты тығып, өзіне-өзі дене жарақатын салғаны, 20.03.2022 жылы мекеме мүлкіне зиян келтіріп төсек (матрац) өртегені және т.б. бұзушылықтар жасағаны және 07.03.2022 жылғы сотталушы К.Е.Ескараевтың камера ішінде кіндігінен төмен жерге белгісіз затпен өзіне-өзі дене жарақатын салғаны туралы жазылған баянаттар мен толтырылған актілерді, одан бөлек жазаларын өтеушілер М.Қ.Жеңісбектің, Ж.Б.Асановтың, А.Т.Кулекеновтың, А.М.Искалиевтың 05.03-19.03.2022 жылы аралығында қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме әкімшілігінің заңды талаптарына топтасып бағынбау арқылы өздеріне қасақана зиян келтіру әрекеттерін сот ескереді.

Сот дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналғандықтан, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп таниды.

Сонымен қатар, мағыналық бағыты «Қ» және «Е» коммуниканттарының тарапынан түрменің ішкі тәртібін өзгертуге қатысты ақпараттарды растайтын келесі мәтіндерге назар аудару керек.

«Қ»: Бүкіл бригаданы жинап алып бір стакан нашаны берсең, мынау вагоннан бастап бордюрларды аппақ қылып сыпырып тазартып зонаны жылтыратып берсе өзгеріс боладығой. Просто бір адамға бағынады, сосын Сізбен мен ғана шешіп отырамыз, болды. Сыртқа шығып алып смотрящий болып жатыр екен. Ертен администрацияға зиянымыз тиеді, кеп комиссия тексеретін болады. Келген комиссияны смело тұрып... Қарасаңыз зона қазір осы тұрғанда я активистікі емес, я сотрудниктікі емес, я зектігі емес, көріп тұрсыз ба? А если қазір мысалы Сіз айтсаңыз бір сәлемдесуді, сәлемдеседі ғой бәрі режим көргендер ғой. Бәрі тындайд былай келгенде и бәрі управляемый, сізге айтайын мысалға келмид бір адам сөзге, Маконсилардың өзі де тындайды ғо мені, кеше ойнатып жіберген балдардын да бәрі тындап отқан балдар ғо мені, просто мені де тоқтатқан ғо олар да, сто процент емес, 150 процент гарантия беремғо. Бүкіл зона көмектеседі маған, осының өзінде айтып отыр, Маханов кетсе Коля бүткіл зона, я бүткіл зона көмектесем деп тұр ғо, зона былайынша порядок тартып ұстап қалып отыру өзіміздің қолымызда ғой, өзіміз үшін ғо, мысалы мен нагло қазақша ұрысып кетем общий режимгеде ұрысам, строгигеде ұрысып кетем сөйтіп ұрысып жүрген адаммынғо осы уақытқа дейін. Сіз келмей ақ қойыңыз, қасымызда шешетін нарсе ғо, мен Сізге айттым ғо келе бермей жүре беріңіз ол келді мынарада разумно шешіп, оның да арқасынан қағып, алдап-сулап ей конечно баратын жеріңе барып қайт, тез кел бақылаушыны беспокоить етпей, мен мынараға шыққан



балдарға айтам, ей Накеновтың көзіне түсіп, хозиянның көзіне түсіп, менттердің көзіне түспей жаймен барып, жаймен келіндер, каз сен көзге түсіп қалсан Накенов хозиянға айхайлайды ол айтпаса болмайды.

«Е»: Мен бұл кісілерді негізі түсінбедім Накеновты, Шаймерден, негізі мынау кісі мен білем ғо 108-ді жіберген адам со Шаймерден бәрін өз мойнына алдырып, бір адаммен келісті лагерьден, сол адам өзі жылканың ішінен, лагерьдің ішінен арыз шықпайды, лишний раз ешкім кесілмейді, лишний раз видео шықпайды, мирном путем өмір сүреміз деп. Болды, Шаймерден жіберді ғо бәрін. Хоть лагерьде істедіңіз ба өзіңіз. Енді ше, міне қазір мысалға кісіні лагерьде бұл тем более 15 жыл отырған адамға, 60-70 процентті осы кісіні тындайд. Көп болса 30 проценті шығар. Осы кісінің айтқанына мен тоқтадым ғо болмаса мен біледі мыналар кеше келіп жүргендер барға алдын қойсада мен тоқтамағам э барындар сен сияқтылардын 100 көргем. Баке сөзіңізді бөлейін менікін ақыл деп қабылдамаңыз я проста меніңде сөзімнің жаны бар шығар Сіз енді мекеме бастығы болып тағайындалдыңыз я қадамыңызға гүл бітсін я осы жерден полковник болып пенсия шығып аман есен, егер мына кісіге Сіз сеніп осы кісіге добро беретін болсаңыз мына ертен жүріп бірлагермен общаться етсе мен Сізге айтайын повод та болмайд конкретно айтам осы кісімен шешетін болса мен көзім жетіп жүрғо көріп жүрм ғо мен жерде бұрыннан да отырған адамдарымда бар 69-да, 66-да, 16-да отырған балдардың жартысы осы жерде, бар ғо міне осы кісіні тындайд бәрі, осы кісіні жылкамен біо общат етсе, осы кісі бәрін дұрыстайды, мен лично сенем, ал кешегі келіп жүргендердің лично оларды емес, мына көзі отыр ғой, өзі кеп бір ауыз айтты Бакеңмен сөйлесіп қойып едім деп Сізді айтты да, Ержан мені тындасан давай осы жерден тоқтатайық ақырын күтейік деді, болд дедім.

Аталған әңгіме мәтіндерінде «Қ» және «Е» коммуниканттары тарапынан түрменің ішкі тәртібін өзгертуге қатысты ақпараттар бар.

Осы орайда сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевқа қатысты жедел тексеру ісі бойынша жүргізілген арнайы жедел іс-шаралар нәтижесінде сөйлесу барысы жазылған жазбалардың мағынасы мен мәтінін анықтау мақсатында психологиялық-филилогиялық сараптама тағайындалған.

Тағайындалған «сот психологиялық-филологиялық зерттеу» сараптамасының 2022 жылғы 15 маусымдағы №1264 санды қорытындысына сәйкес зерттеуге ұсынылған стенограмма мәтіндерінің жалпы бағыты-ақпараттар алуға, қандай да бір шарттар мен талаптар қоюға, түрменің ішкі жағдайы туралы сұхбаттасуға және осыған қатысты мәселелерді шешумен байланысты оларға түсінікті тақырыпты талқылауға, түрменің ішкі тәртібін өзгертуге жанама түрде итермелеуге бағытталған. Зерттеуге ұсынылған фонограммадағы әңгімелерде «Қ» және «Е» коммуниканттарының тарапынан түрменің ішкі тәртібін өзгертуге қатысты



ақпараттар бар және сұхбаттасынан (Б) орынбасарды ауыстыруды, этапқа салып жіберуді талап етудің мағыналы компоненттері бар деп тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №16 «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» нормативтік қаулысының 11-тармағының талабына сәйкес сот сарапшының қорытындылары басқа дәлелдемелермен қоса талданып, салыстырылып, бағаланып дәлелдеме деп танылуға жатады деп табады.

Сот ҚПК-нің 340-бабының талабына сай, басты сот талқылауын тек сотталушыға қатысты және оның сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізді.

ҚПК-нің 25-бабының 1-бөлігіне сай судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданды басшылыққа алады.

Сот, ҚПК-нің қылмыстық-процестік кодексінің 125-бабының талаптарына сәйкес, заң талаптарын басшылыққа ала отырып, іс бойынша жинақталған барлық дәлелдемелерді, соның ішінде сотталушылардың, куәлардың жауаптарын, оқиға деректерін жан-жақты, толық және объективті түрде, өзінің ішкі нанымы бойынша, әрбіреуінің қатыстылығы, жол берушілігі, дұрыстығы, ал жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан зерттеп бағалай келе, сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевты үкімнің сипаттама бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін жасағаны толықтай өз дәлелін табады деп санайды.

Сот, істің материалдарын және мән-жайларын зерттеп, әрбір дәлелдемеге қатыстылығы, жол берушілігі, ал барлық жинақталған дәлелдемелерге олардың жиынтығында істі шешуге жеткілікті тұрғысынан баға бере отырып, сот сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың қылмыс жасаудағы кінәлері объективті түрде, жан-жақты дәлелденген деп санайды.

Жоғарыда келтірілген дәлелдемелердің негізінде сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың қылмыстық әрекеттері ҚК-нің 428-бабының 3-бөлігімен дұрыс сараланған, себебі олар қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме әкімшілігінің заңды талаптарына өздеріне қандай да бір қасақана зиян келтірумен ұштасқан топтасып бағынбауды ұйымдастырған.

Сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың жасаған қылмыстары ҚК-нің 11-бабының 4-бөлігіне сәйкес ауыр санаттағы қылмыстарға жатады.

Сотталушы Е.И.Ельшибаевтың ҚК-нің 53-бабына сәйкес сот, сотталушының қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-



жайы жоқ деп танып, ал ҚК-нің 54-бабының талабына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазасын ауырлататын мән-жайларына қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жасауы деп таниды.

Сотталушы К.Е.Ескараевтың ҚК-нің 53-бабына сәйкес сот, сотталушының қылмыстық жауаптылығын жеңілдететін мән-жайы жасаған қылмысын мойындауын, ал ҚК-нің 54-бабының талабына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазасын ауырлататын мән-жайларына қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жасауы деп таниды.

ҚК-нің 39-бабының 2-бөлігіне сай, жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейтіні нақтыланған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы №91 Заңымен ратификацияланған Нью-Йоркте 1966 жылғы 16 желтоқсанда жасалған «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес сотпен трибунал алдында жұрттың бәрі тең. Әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсы бір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот арқылы ісі әділетті және ашық қаралуын талап етуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабының негізінде заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысының 1), 2) тармақтарының талаптарына сәйкес, сот қылмыстық жаза тағайындаған кезде 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет. Қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, кәмелетке толмағандарға жыныстық



тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын міндетті түрде талқылаудың және қолданудың қажеттілігіне соттардың назары аударылсын. Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек.

Бұл ретте, сотталушылардың бұрын сотты болып, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеуінен нәтиже шығармай ауыр санаттағы қылмысты қайталап жасауын, жасаған әрекеттерінің қоғамға қауіптілігі мен сипатын, сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы жасалғанын, қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіргенін және сотталушылардың әрекеттерінің ауыр қылмыстар санатына жататынын ескеріп сотталушыларды қоғамнан оқшаулап, оларға бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар тағайындау арқылы түзелуге жатады деп санайды.

Маңғыстау облысының Қарақия аудандық сотының 21.09.2010 жылғы үкімімен ҚК-нің (1997 жылғы редакция) 103-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 8 (сегіз) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Маңғыстау облысының Жаңаөзен қалалық сотының 17.10.2019 жылғы үкімімен ҚК-нің 106-бабының 2-бөлігінің 7) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстың қайталануы танылған.

Сотталушы Е.И.Ельшибаев бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған бола тұра, ауыр қылмыс жасаған.

Сондықтан, Е.И.Ельшибаевтың әрекетінде ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігінің 1) тармағына сай қылмыстардың қауіпті қайталануы танылуға жатады.

Қызылорда облыстық сотының 05.11.2007 жылғы үкімімен ҚК-нің (1997 жылғы редакция) 96-бабының 2-бөлігінің «д,к,н» тармақтарымен кінәлі деп танылып, 18 (он сегіз) жылға бас бостандығынан айыруға, 120-бабының 3-бөлігінің «б» тармағымен кінәлі деп танылып, 10 (он) жылға бас бостандығынан айыруға, 121-бабының 3-бөлігінің «б» тармағымен кінәлі деп танылып, 10 (он) жылға бас бостандығынан айыруға, 175-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігі қолданылып, жазаларды қылмыстардың жиынтығы бойынша ішінара қосу жолымен түпкілікті



мүлкі тәркіленіп, 25 (жиырма бес) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Сотталушы К.Е.Ескараев бұрын аса ауыр қылмысы үшін сотталған бола тұра, ауыр қылмыс жасаған.

Сондықтан, К.Е.Ескараевтың әрекетінде ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігінің 1) тармағына сай қылмыстардың қауіпті қайталануы танылуға жатады.

ҚК-нің 14-бабының 4-бөлігіне сәйкес, қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы осы Кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатыны ескеріледі.

ҚК-нің 60-бабының 1-бөлігіне сәйкес егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бойынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады.

Осы баптың 4-бөлігінде үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде жазалардың қосымша түрлерін қосу қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жүргізіледі.

Сондықтан, сот сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевқа жаза үкімдердің жиынтығы бойынша жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосу арқылы тағайындалуға жатады деп санайды.

Сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевқа қатысты қылмыстардың қауіпті қайталануы танылғандықтан, ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 4) тармағына сәйкес, қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленуге жатады.

ҚК-нің 98-2-бабының 4) тармағының талабына сәйкес сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың әр қайсысынан 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 61 260 (алпыс бір мың екі жүз алпыс) теңге жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлем өндіруге жатады.

Заттай дәлелдемелердің тағдыры ҚПК-нің 118-бабының талаптарына сай шешілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚПК-нің 387-391, 393, 395-398, 401 - баптарын басшылыққа алып, сот

ҮКІМ ЕТТІ:

Сотталушы Ельшибаев Ержан Исламович Қазақстан Республикасының ҚК-нің 428-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 7 (жеті) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.



ҚК-нің 60-бабының 1,4-бөліктерін қолданып, Маңғыстау облысының Жаңаөзен қалалық сотының 2019 жылғы 17 қазандағы үкімімен тағайындалған жазасының өтелмеген бөлігін осы үкім бойынша тағайындалған жазаға ішінара қосып, түпкілікті 8 (сегіз) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленсін.

ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігінің 1) тармағына сай қылмыстардың қауіпті қайталануы танылсын.

Бас шарасы сол күйінде қамауда қалдырылсын.

Жаза өтеу мерзімі 2022 жылғы 29 қыркүйектен бастап есептелсін.

Сотталушы Ескараев Куттымұрат Есенжолович ҚК-нің 428-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 7 (жеті) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 60-бабының 1,4-бөліктерін қолданып, Қызылорда облыстық сотының 2007 жылғы 05 қарашадағы үкімімен тағайындалған жазасының өтелмеген бөлігін осы үкім бойынша тағайындалған жазаға ішінара қосып, түпкілікті 15 (он бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленсін.

ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігінің 1) тармағына сай қылмыстардың қауіпті қайталануы танылсын.

Бас шарасы сол күйінде қамауда қалдырылсын.

Жаза өтеу мерзімі 2022 жылғы 29 қыркүйектен бастап есептелсін.

Сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевтың әр қайсысынан 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 61 260 (алпыс бір мың екі жүз алпыс) теңге жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Заттай дәлелдеме ретінде танылған сотталушылар Е.И.Ельшибаев пен К.Е.Ескараевқа арналған жеке іс парақтары, ішкі тәртіпті бұзғаны туралы жазылған баянаттары мен анықтамалары, арнайы іс-шараның нәтижелері жазылған 4 (төрт) дана DVD-R форматтағы дискілері, сотталушы К.Е.Ескараевтың қатысуымен жүргізілген жауап алу тергеу әрекеті жазылған 1 (бір) дана DVD-R форматтағы дискі, сотталушы К.Е.Ескараев пен куә Б.А.Наурызбаевты беттестіру тергеу әрекеті жазылған 1 (бір) дана DVD-R форматтағы дискі, барлығы қылмыстық іске тіркелген 6 (алты) дана DVD-R дискілері қылмыстық іспен бірге сақталсын.

Үкімге наразы тараптар осы сот арқылы үкім жарияланған күннен бастап 15 (он бес) тәулік мерзім ішінде, ал күзетпен ұстаудағы сотталушы үкім көшірмесін алған күннен бастап сол мерзімде Қызылорда облыстық



сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья

А.З.Зейнулла

